



# Ақмешіт

27 ақпан  
сенбі

№16 (1718)

2021 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



The Washington Post

### ЫНТЫМАҚҚА ҰМСЫНҒАН ҚОЛ

Әлемде ядролық қаруға қатысты кикілжің де, әркімі ұстаным да жетерлік. Бірі жойқын қаруға арқа сүйеп, жан-жағына доңайбат көрсетсе, енді бір ел «ақырзаман қаруын» еншілеуде небір құйтырқы әрекет пен қылмысқа баруда. Сондай ұшыққан даудың үлкені – Иранның ядролық бағдарламасы. Даудың басын АҚШ-тың бұрынғы басшысы Дональд Трамп Иранмен екі арадағы ядролық келісімнен бас тарту арқылы ашқан еді. Енді, міне, Еуроодақ өкілдері қос тарапты қайта келіссөз үстеліне отырғызуға талпынып, ұсыныс тастады. Иран болса, АҚШ қарсы қойған санкцияларын алғанда ғана бұл тақырыпқа қайта оралатынын айтып, қасарысуға көшкен. Оқиғаның мән-жайын «The Washington Post» басшылығы да бағамдап, Сан Энгель мен Лоуренс Норманның «Иран ЕО және АҚШ-пен келіссөз келуге ынталы» атты мақаласын жариялады.



Авторлар БҰҰ-ның Ирандағы ядролық нысандарға жасаған мониторингі, қарсы тараптың қойған талабы, істің болжамды нәтижесі секілді мәселені қарулап, нақты ақпарат беруге тырысады. Тіпті кей тұста екі елдің агрессивті әрекеті Таяу Шығыстағы жағдайды ұшықтыруы ықтимал екенін де атап өтеді.

«Иран 2018 жылы АҚШ-тың ядролық бағдарлама туралы ортақ келісімнен бас тартқанына қарамастан қайта ымыраға келуге ынта білдірді. Алайда қарсы енгізілген санкциялардың күшін жойғанда ғана толық келісімге қол жеткізуге болатынын кесіп айтты. Иранның Сыртқы істер министрі Джавад Зариф Twitter парақшасында «#CommitActMeet» – «Кездесуге қадам жасау» деген хештегпен жазба қалдырды. Онда министр: «Егер Вашингтон өз жауапкершілігіндегі міндетті орындап, санкцияның күшін жойса, Иран кездесуге дайын» деп анық талабын көрсеткен. АҚШ тарапы бұған дейін келісімге дайын екендігін білдірген болатын. Алайда жайдайға өзге мемлекеттер басқаша қарап отыр. Мысалы, 19 ақпанда Израиль келіссөзбен немесе басқалай болсын Иранның ядролық қаруға қол жеткізуіне түбегейлі қарсы екенін мәлімдеді», – дейді мақала авторлары.

Назардан Еуроодақ шенеуніктерінің Иранды келісімге көндіру әрекеті де қалыс қалмапты. Саясаткерлер ел билігін мәселені ұшықтырмай, мүмкіндікті пайдалануға шақыруда. Егер Тегеран Байден әкімшілігімен келіссөз жүргізу мүмкіндігін ұсынып шығарып алса, ел билігінің оқшаулану мерзімі ұзап, ішкі-сыртқы саяси ахуал күрделене түсуі мүмкін екенін ескерткен. Оның үстіне кездесу беірессим форматта өтуі мүмкін. Мақала иелері бұл жағдай әр тараптың нақтылықтан гөрі жеке амбицияға басуына жол ашуынан секеменеді.

«Дүйсенбіде ЕО-ның дипломаты Жозеп Боррель Иран келіссөзге қатысады деп мәлімдесе, Тегеран тарапынан ресми өкіл Али Рабин ел билігінің әлі де «мәселені саралап жатқанын» жариялады. Мұнымен қоймай, ирандық үкімет алдағы уақытта ядролық нысандардың күнделікті ақпараты мен күнбойғы бақылау құзыретін БҰҰ инспекторына жолдауды тотатуы мүмкін екенін атап өткен. Оған қоса ұйымның елдегі атом агенттігі мен халықаралық атом энергиясы агенттігінің жұмысын тежеуді де ойға алған. Аталған әрекет Иранның АҚШ-ты санкцияның күшін жоюға итермелеу әрекеті екені белгілі. Бұл мәлімдеме кезекті үркіту әрекеті емес, шынайы қауіпке айналуы мүмкін. Себебі соңғы уақытта Иран уранның тазалық деңгейін 20 процентке жеткізуді қолға алып, ядролық қару жасауға жақын қалған. Тіпті уранға да қол жеткізді. Иранның мұндай қадамға баруы JSROA (Бірлескен кешенді іс-қимыл жоспары -ауд.) бекіткен нормативтерге қарсы келетіні анық».

Мақала соңында 17 ақпан күні ЕО төрағасы Шарль Мишель мен Хасан Рухани телефон арқылы байланысып, нәтижесінде Иранның келіссөзге қатысатынын айтылған. Әңгіме барысында Хасан Рухани келіссөзді Жозеп Боррелдің жүргізуін өтініп, Вена келісімін сақтап қалуға күш салуға шақырыпты.

4 БЕТТЕ

## ЫНТЫМАҚ БАР ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ ЖҮРЕДІ

Ерсін ШАМШАДИН

Ұлт ұстанымындағы ізеттіліктің ұстыны – алғыс пен қайырым. Құшағы кең қазақ тағдырдың тәлкегіне түскен қаншама жанға қамқор болып, мұқтажға мейірім төкті. «Алғыс алған арымас» деген мәтелді жадына тұтып, тарыдай шашылған өзге ұлт өкілін бір шаңырақ астына жұмылдыруға күш салып, дархан пейілін көрсетті. Нәтижесінде жақынға балап, жылылық көрсеткен халықтың жақсылығын өзге ұлт өкілдері де ұмыт қалдырмай, қайда жүрсе де айта жүрді. Қайырымға қарымта, ізетке ілтипат білдіріп, бірлікте екенін көрсетуге барын салды. Қай салада болмасын еңбек етіп, туған жерге, өскен ортаға ададығын, алғысын білдіріп келеді.



2016 жылғы 14 қаңтарда еліміздің сол кездегі Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні, яғни 1 наурызды Алғыс айту күні деп жариялаған еді. Елбасы арнайы Жарлыққа қол қойып, егемен елдің ертеңін бағамдайтын маңызды шешімнің бірін қабылдады. Алғыс айту күнінің басты мақсат-мұраты да өткеннен сабақ алу, келешекке оң үлгі аманаттау екені даусыз.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көресің» дейді халық даналығы. Шындығында, тыныштық пен үндестік үстемдік құру үшін мейірім биіктемей бейбіт күннің орнамасы белгілі. Әбіш Кекілбаевтың «Азаттыққа үйрену – ең алдымен ынтымаққа үйрену» деген қанатты сөзінің мәні де осында жатса керек. Мейірімсүйгіш қасиет қазақтың қанында болғасын ба, әйтеуір жан баққан адамға жәбір көрсетпей, тағдыр айдап келген қай ұлт пен ұлысты болсын бауырына басты.

2 БЕТТЕ

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## СОЛ ЖАҒАЛАУ: Магистральді көше салынууда

Қала келбеті тек сәнді де сәулетті үйлермен, жасыл желекті саябақтармен өлшенбейді. Күн сайын көркейіп келе жатқан Қызылорданың аяғы – оның көшелері. Қызылорда үшін биыл тағы бір қуанышты жаңалық болғалы тұр. Атап айтқанда, жағалауды бойлай 8,4 шақырымды құрайтын бөгет бойымен салынып жатқан магистральді көше құрылысы жүріп жатыр. Жобаның жалпы құны 3 млрд 391 млн теңгені құрайды. Көшенің біршама бөлігі салынып біткен. Құрылыс жұмыстарын «УАД» ЖШС жүргізіп жатыр. Мамандар бұл көшені салудағы ең басты мақсат қала ішіндегі көлік кептелісінің алдын алу екенін айтады.



Соңғы жылдары қалада 840 шақырымды құрайтын 1 мың 177 көше жөндеуден өткен. Жаңадан салынып жатқан көше сол жағалаудағы тұрғын үйлерді айналып өтеді. Мердігер мекеме жобаны маусым айында бітіруді жоспарлап отыр. Аталған жобада жол ғана емес, көше жарығы, жаяу жүргіншілер жолы және арнайы веложол бар. Бүгінде көшенің жұмыстарына мекемеден 50 адам және 30 техника жұмылдырылған.

– Жоба бойынша салынатын жолдың ұзындығы 8,4 шақырымды құрайды. Арнайы құжаттар дайындалып, мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы жеңімпаз болған мердігер компания жұмысын бастап кетті. Жолдан бөлек, көше

бойына жаяу жүргінші жолдары мен түнгі жарық бағаналары салынады. Барлық жұмыстың қаражаты толық қаралған. Бұл жұмыстар жергілікті тұрғындарға қолайлы жағдай туғызатынына сенімдімін, – деді Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол ашушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев.

Алаштың анасы атанған аймақтың алдағы уақытта да әлеуметтік-экономикалық жағдайы одан әрі жақсара түспек. Себебі осы саладағы жеткен жетістіктердің барлығы болашаққа бағытталған тың істерге жол ашатынына сеніміміз мол.

Жарасхан ҚУАНЫШАЙБҰЛЫ

### САРАПТАМА

## “ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ”: Қала тұрғындарына мүмкіндік



Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Халық қатысатын бюджет. Аты айтып тұрғандай, бюджет қаржысының қайда, қанша жұмсалатынына қарапайым халық үлес қоса алады. Бүгінгі күнге дейін «мынша қаржыға несіне осыны жасаған немесе мен болсам мынаны жасар едім» деп күйініп жүрген болсаңыз, ойда жүрген идеяны жүзеге асыруға жаңа мүмкіндік бар.

2 БЕТТЕ

### ДЕНСАУЛЫҚ

Жұмадағы дерек бойынша Қазақстанда бір тәулікте 746 адам коронавирус емделіп шықты. Оның ішінде Қызылорда облысында емделіп шыққандар саны – 16. Жалпы еліміз бойынша коронавирус індетінен емделіп шыққан адамдар 195121-ге жетті.

## COVID-19: БІР ТӘУЛІКТЕ 746 АДАМ ЕМДЕЛІП ШЫҚТЫ

Алайда coronavirus2020.kz сайты 25 ақпан, сағат 23.59-дағы дерек бойынша ПТР арқылы коронавирус індеті расталған 855 адам тіркелгенін хабарлады. Оның ішінде Қызылорда өңірінде 8 адам КВИ жұқтырған. Осылайша ел бойынша вирус жұқтырғандардың саны 211212 адамға жетті. Одан бөлек, 24 ақпандағы дерекке сүйенсек, коронавирус инфекциясының белгілері бар пневмонияның 51 жағдайы және 1 өлім тіркелген, оған қоса 212 өкпе ауруына жазылып шыққан. Жалпы осы кезге дейін елімізде 49172 адам пневмониямен ауырса, оның 620-сы қайтыс болған. 41633 адам жазылып шыққан.

Сонымен қатар ҚР Денсаулық сақтау министрлігі елде вируспен ауырып жатқан науқастардың хал-жағдайы туралы мәліметті жариялады. 26 ақпанда жарияланған ақпарат бойынша 20277 науқас (13358 КВИ+ және 6919 КВИ-) ем қабылдауда. 4452 пациент стационарда, ал 15825 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. Оның ішінде 254 адамның жағдайы ауыр, 53 пациенттің жағдайы өте ауыр делінген. Министрлік 41 адам өкпені жасанды желдету аппаратына қосылғанын айтты.



Өңірде 22 ақпанда «Спутник V» корона-вирусқа қарсы вакцинасының екінші дозасын егу науқаны басталды. Үш күн ішінде 315 қызылордалық вакцина салдырған. Яғни 22 ақпанда – 90 адам, 23 ақпанда – 150 және 24 ақпанда – 75 адам екпе салдырды. Аймаққа әкелген вакцинаның екінші компоненті 1000 дана.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, бірінші кезеңде екпе 939 медицина қызметкеріне, қалғаны жергілікті тұрғындарға етілген. Алғашқы 1-17 ақпан аралығындағы кезеңде жүргізілген екпе науқанында вакцинацияланғандар енді кезегі келгенде екінші дозаны салдырады.

Естеріңізге болса, Қызылордада вакцинаны алғашқылардың бірі болып аймақтың бас дәрігері Сәбит Пазылов салдырған еді. «Өзім ерікті түрде ақпанның бірінде алғашқылардың бірі болып екпені салдырдым. 21 күн уақыт өтсе де екпенің еш кері әсерін байқамадым. Сол себепті бүгін екпенің екінші кезеңінен өттім», – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті жерлестер!  
Қадірлі қызылордалықтар!

Баршаңызды 1 наурыз – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тірлігі басқа болса да тілегі бір қазақстандықтардың ортақ мерекесіне айналған бұл күннің маңызы мен мәнін барлығыңыз жақсы білесіздер. Бүгінгі мереке қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматының бір-біріне құрмет білдіретін күні. Пейілі кең, көңілі дархан бауырмал жұртымызға тағдыр тезімен қазақ даласына табан тіреген көптеген этнос өкілдерінің қиналғанда құшақ ашып, бір шаңыраққа сыйдырғаны үшін алғыс айтатын күні. Қала берді кішінің үлкенге, баланың әкеге, анаға, шәкірттің ұстазға алғыс айтар мерекесі.

Түптеп келгенде мереке алғыс айтумен шектелмейді. Бұл күні ұлт тарихы мен мемлекеттің жүріп өткен жолы жаңғырып, жас ұрпаққа өнеге етіп айтылады. Бір-бірімізге деген құрметіміз бен сыйластығымыз артып, тұтастығымыз нығаяды.

Бейбітшілік пен келісім салтанат құрған, бірлігі мен берекесі жарасқан еліміздің, құт қонған киелі мекеніміздің дамуына, ерлік пен еңбектің ерен үлгісін көрсеткен, көзге көрінбесе де Сыр елінің өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген жандарға ризашылығымызды білдіреміз.

Сондай-ақ әлемдік әбігерге салған коронавирус пандемиясы кезінде тыным таппай, тыныс алмай жұмыс істеген ақ халатты абзал жандарға, қиын кезеңде жомарт жүрегімен көпке көмек қолын созған кәсіпкерлерге, індетпен күресте алдыңғы шепте жүрген ерікті азаматтарға алғысымды айтамын.

Бейбітсүйгіштігімен күллі әлемге үлгі болған еліміздің ішкі ауызбіршілігінің сақталып, тұрақты дамуына атсалысқан, бауырмал болмысымен танылған барша тұрғындарға айтар алғысым шексіз.

Бір-бірімізге деген алғысымыз шынайы, көңіліміз кіршіксіз, бірлігіміз бекем, тірлігіміз түзу болғай!

Алғыс айту күні тағы да құтты болсын, ардақты ағайын!

Ізгі ниетпен,  
Қызылорда қаласының әкімі  
Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

## ЫНТЫМАК БАР ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ ЖҮРЕДІ

Бүгінде тағдырдың тәлкегімен Отанынан жырақтап, қазақтан пана тапқан қаншама ұлт пен ұлыс еркін елдің толыққанды мүшесіне айналып, ұрпақтары Тәуелсіз елдің дамуына қызмет етуде. Тіпті 1995 жылы Қазақстан халқы ассамблеясы құрылып, өзге ұлт өкілдері бір арнаға тоғысуға мүмкіндік алды. Мемлекет өзге ұлттың өзіміздей құқы бар екенін білдіру үшін Ассамблеяға конституциялық мәртебе беріп, ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығын сыйлады. Осылайша этнос өкілдерінің қазақ қоғамындағы саяси-мәдени өмірінің жаңа кезеңі басталған еді.



енсерді. Мұны өзге ұлт өкілі ешқашан ұмытқан емес. Өткен тарих онегісімен құнды. Ата-баба бастан кешірген қиын сәтте жанынан табылған қайырымды халық әлі талай этносқа қамқор боларына сенемін. Сондықтан қуғын-сүргін мен күштеп жер аударылған ұлт өкілдеріне қамқор болған қазақ халқына алғысымыз шексіз, – деді.

### АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН КҮН

Биыл карантин талабы мен індет салдары Алғыс айту күнін кең көлемде атап өтуге мүмкіндік бермеді. Алайда аймақтағы өзге ұлт өкілдері әлеуметтік желі арқылы құттықтауын жолдап, алғыс артқан алғаусыз тілегін арнап жатыр. Оған қоса өзге ұлт өкілдері бас болған онлайн шаралар апта бойы айтулы датаның мән-маңызын ашап. Осындай онегілі іске ұйытқы болып жүрген «Lev am» Еврей этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Вера Иванова:

– Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері Алғыс айту күні ғана емес, өзге күндерде де қазақ елінің жанашылығын, қамқорлығын ұмытқан емес. Өзара сенім мен құрмет бір шаңырақ астына біріктіріп, кемел елдің іргетасын қалауға жол ашты. Бұл күн – Елбасы мен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бейбітшілік пен келісім саясатының сәтті нәтиже бергенінің көрінісі. Бұл күн – этнос өкілдерінің киелі мекені болған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына деген шексіз алғысының көрінісі. Себебі саяси ықпалмен қоныс аударуға мәжбүр болып, қиын-қыстау кезеңге тап келген этнос өкілдерінің ауырталлығын қазақ елі бірге көтеріп, қилы сәтті бірге

Басы 1-бетте



## Рақмет саған, туған ел!

**Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді» деп бұл күннің мән-маңызын ерекше атап өткен еді. Биыл атаулы мереке ресми түрде бесінші жыл қатарынан тойлануда.**

Тағдырдың тар жол тайғақ кешуінде бір-біріне бауыр болып, тағдырлас жандардың басқа түскен ауырталлығын жұмыла көтере білген қазақ жұрты мен өзге этнос өкілдері бүгінде бір шаңырақ астында тату-тәтті күн кешуде. Геноцид саясаттың салқыны таным-түсінігі, мәдениеті, тарихы бөлек түрлі ұлт өкілдерін туған жерден, елден, Отаннан алыстатты. Бірақ қонақжай, мейірбан халықтың арқасында олар бір атаның баласындай бірлікте өмір сүріп, қазақ жерінен пана тапты. Бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, Қазақстан екінің Отанына айналды. Алғыс айту күні – Тұңғыш Президент – Елбасының «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» бастамасы аясында жүзеге асқан ортақ тарихты құрметтеу, ынтымақтастыққа дрыптеу мерекесі. Біртұтас ұлттың бірлігі мерекесі.

Туған мекенінен арқардай ауып келген этнос өкілдерінің бірқатары Сыр өңіріне қоныстанғаны белгілі. Олардың арасында шешен ұйымының өкілдері де бар. Жасты да жасамысты да аямаған саясаттың құрбаны болған жандар сол кезеңдегі қазақ жұртының адамгершілік қасиетін әлі күнге дейін жоғары бағалайды. Қазақстан халқы Ассамблеясы Қызылорда облыстық

шешен этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары Лайла Пашаева өткен күндерді былай еске алады:

– Биыл шешен ұлтының өз Отанынан өзге аумаққа жер аударылғанына 77 жыл толады. 23 ақпан – сол дәуірдің жастары үшін Кеңес Әскерінің мерекесі болса, шешен ұлты үшін қаралы күн. Ұлтымыздың жүрегіне өшпес жара салған, кіндік қаны тамған жерінен жас пен жасамысты, ана мен баланы еш аяусыз жер аудартқан ызғарлы күн ешқашан естен кетпейді. Олардың қатарында менің әжем, ата-анам бар еді. Әжем Әли Шешен-Ингуш ауданына қарасты Тойзен ауылында дүниеге келіпті. Соғыс басталған тұста атам майданға аттанып, содан хабарсыз кеткен. Әкеміз 8 баласымен өзге жерлерімізге бірге белгісіз бағытқа айдауға түскен. Қыстың қақаған суығында вагонға тиелген шешен жұрты бір ай бойы жежелі жерге жеткенше ас-сусыз отырған екен. Жол бойы қаншама қарт кісі, сәбилер көз жұмған. Тіпті әйелдер құндақтаулы сәбиінің ажал құшқанын білдіртпей емізіп отырған сынай танытқан. Баласының ит-құсқа жем болмауын ойлады.

Менің әжем балаларымен Жалағаш ауданына жер аударылыпты.

Суықтан әкеміз бес бауыры қаза табады. Көп ұзамай анасы да көз жұмады. Ал өзін ізіндегі 2 бауырымен балалар үйіне өткізіпті. Не қазақ, не орыс тілін білмейтін шешен жұрты үшін танымайтын жерде қиын болғаны анық. Дегенмен уақыт өте жергілікті жұртпен сіңісіп, тіршілік еткен. Оған әрине, қазақ халқының мейірбандығы әсер еткенін айта кету керек. Әкеміздің айтуынша, алғашқыда жергілікті тұрғындарға өзге ұлттармен байланыс жасауға тыйым салған, әрі шешендерді қанибал (адамжегіш) ұлт ретінде көрсеткен. Соған қарамастан қарапайым тұрғындар есік алдына талғажау етер тамақ қалдырып кетеді екен. Ол тұстағы геноцид саясат қазақ жұртына да оңай соқпағаны белгілі.

**P.S.** Аумалы-төкпелі кезеңде қазақ даласына қоныс тепкен ұлттардың Кеңес одағы ыдырағаннан кейін атамекеніне қайта қоныс аударғандары да болды. Туған жерін, Отанын аңсап еліне кеткендердің кейбірі тіпті, жерсінген жерінен жырақта жүре алмайтын ұқты. Қазақ еліне қайта оралды. Мұның бәрі түбінде халқымыздың оларға деген ыстық ықыласы мен мейірбандығының көрінісі іспетті. Қиын-қыстау заманда жанына сая болған қазақ жұртына деген риясыз көңілі болар, балкім.

Бұл – ең ауыр соқпақты жолдан бірге өтіп, бір үзім нанды бөліскен ұлт пен ұлыстың ортақ тарихы, тағдырластар тарихы.

Айдана СЕЙІЛ



## «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»: Қала тұрғындарына мүмкіндік

Өткен жылы басталған жаңа жобаға Қызылорда қаласы тұрғындарының белсенділігі қандай? Қалалықтар қаншалықты үлес қосты? Биылғы белсенділік қандай? Бұл сұрақты қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаевқа қойдық.

– Өткен жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысуға үш рет хабарландыру жарияладық. Үшіншісінде ғана екі жоба ұсынды. Оның бірі Яссауи көшесін көгалдандыру болса, екіншісі әл-Фараби көшесін жарықтандыру. Екі жобаның біреуі ғана қабылданды, – дейді бөлім басшысы.

«Бар болғаны екі ұсыныс болса, екеуі де неге қабылданбады?» деген сұрақ туын-

дайтыны заңдылық. Мұның себебін бөлім басшысы былай түсіндірді:

– Мәселен, биыл қала бюджетінен бұл жобаға 50 млн теңге қаржы бөлінді. Әр жобаға 10 млн теңгеден, яғни 5 жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Жобаны ұсынудың ережесі сай өз тәртібі бар. Хабарландыру жарияланған соң өтінім беретін қала тұрғыны ең алдымен жобаның эскизін әзірлейді. Мысалы, көпқабатты үйдің белгілі бір аумағын абаттандыру немесе ойын алаңын салу керек десе, оның эскизін әзірлеп, сметасын дайындайды. Бұл жобаға қанша қаржы кететінін есептеп, ұсынысын береді. Сметада лицензиясы бар жобалаушы мекеменің мөрі болу қажет. Мұнан кейін өзінің электронды цифрлық қолтаңбасымен жобаның эскизі, атауы, сметасын порталға салады. «Халық қатысатын бюджет» жобасын арнайы

сараптамалық кеңес қарайды. Құрамында қоғам белсенділері, қалалық мәслихат депутаттары және қалалық әкімдікке қарасты дербес бөлім мамандары бар. Сараптамалық кеңес порталға түскен өтінімдердің ішінен ережеге сай келетін бесеуін іріктейді. Таңдалған 5 жоба хаттамамен рәсімделіп қайтадан порталға салынады, – дейді Біржан Далабаев.

Мұнан кейінгі кезеңнің жауапкершілігі тұрғындарға тиесілі. Себебі іріктелген жобалардың «тағдырын» халық даусы шешеді. Бір жоба кемінде 50 адамның даусын жинау керек екен. Тағы бір атап айтарлығы, бір адам бір рет қана дауыс бере алады. Тағы бір ескеретіні, дауысты электронды цифрлық қолтаңбамен ғана бере аласыз.

Әлгіде атап өткеніміздей өткен жылы үш рет хабарландыру жарияланған кезде

бар болғаны 2 өтінім ғана түскен. Демек «Халық қатысатын бюджет» жобасына халық қатысуға құллық танытпады. Бөлім басшысы Б.Далабаев жобаның басталғаны туралы қалалықтар хабардар болғанын, әлеуметтік желіде жарияланғанын айтты. Олай болса күн сайын қаланың мың сан мәселесін желі арқылы айтудан жалықпайтын қалалықтар неге белсенділік танытпады? Әлде өтінім беруді қиынсынды ма? Жобаның сметасын жасау кедергі болды ма екен? Бұл сауалға да жауап алдық.

– Өтінім берудің белгілі бір талабы болмаса, әркім ойына келгенін жаза салу оңай. Тұрғын өзі ұсынған жобаның үлкен жауапкершілік екенін сезіну керек. Әйтпесе, әлеуметтік желіге кім не жазбай, нені сынамай жатыр?! Әлеуметтік желіге сурет жүктеп, астына сын жаза салу қазір әркімге де оңай. Ал «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінім беру жай жаза салу емес, бюджет қаржысының тиімді жұмсалыуының тұрғын ретінде, азамат ретінде жауапкершілігін бірге көтеру, сезіну. Себебі бюджет қаржысы әркім ойындағысын айтты, жан-жаққа тарта беретін біреудің қалтасындағы ақша емес. Әйтпесе, жобаны әлеуметтік желіге салайық, қай жоба көп лайк жинаса, соны жүзеге асырайық деген де ұсыныстар болды. Біз бұған келіспедік. Бюджет қаржысы неге жай лайкпен таңдала салуы керек? Қаласына жанашыр адам ЭЦП-мен дауыс бере алады. Бұл да жауапкершілікті сезіну, – дейді Б.Далабаев.

– Тұрғындар мәселені айтады, бірақ үлес қосуға келгенде белсенділік танытпайды. Қай кезде де ауызбен айту оңай. Ал өзі айтқан мәселенің шешімін табуына «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінім беріп, оның ішінде жүріп жасауға құлықсыз, – дейді сарапшылар кеңесінің мүшесі Болат Нұрхожаев.

Жақында «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінім қабылдау басталады. Халықтың бұл жолы қаншалықты белсенділік танытатынын уақыт көрсетеді.



**Гүлшат МҰСАЕВА, экономика ғылымдарының магистрі:**

### АЙМАҚ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСА АЛАСЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орындау аясында өңірлерде «Халық қатысатын бюджет» жобасы жүзеге асуда. Оның басты мақсаты – шешім қабылдау процесіне тұрғындарды көптеп тарту және бюджетті жоспарлауда ашықтықты қамтамасыз ету.

Әкімдіктің сайтында тұрғындардың қандай жобаға қалай дауыс бергенін көруге болады. Жобалардың авторы, статусы, суреті жарияланады. Жоба авторы сол аумақта тіркелген тұрғын үй ПИК-і немесе кез келген азамат бола алады. Алдымен шетелдік тәжірибелерге сүйеніп, пилоттық негізде жүргізілген жоба біршама тиімділігін көрсетті. Ендігі кезекте еліміздің бүкіл аумағында даму ерекшеліктерін ескеріп тәжірибеге енгізуде.

Қорыта айтқанда «Халық қатысатын бюджет» жобасы – әрбір азаматтың қоғамдық белсенділігін арттыруға, аймақтың дамуына өз үлесін қосуына үлкен мүмкіндік.

**Біржан Далабаев, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы:**

### ӨТІНІМ БЕРУ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ЖАЗА САЛУ ЕМЕС

Өтінім берудің белгілі бір талабы болмаса, әркім ойына келгенін жаза салу оңай. Тұрғын өзі ұсынған жобаның үлкен жауапкершілік екенін сезіну керек. Әйтпесе, әлеуметтік желіге кім не жазбай, нені сынамай жатыр?! Әлеуметтік желіге сурет жүктеп, астына сын жаза салу қазір әркімге де оңай. Ал «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінім беру жай жаза салу емес, бюджет қаржысының тиімді жұмсалыуының тұрғын ретінде, азамат ретінде жауапкершілігін бірге көтеру, сезіну. Себебі бюджет қаржысы әркім ойындағысын айтты, жан-жаққа тарта беретін біреудің қалтасындағы ақша емес. Әйтпесе, жобаны әлеуметтік желіге салайық, қай жоба көп лайк жинаса, соны жүзеге асырайық деген де ұсыныстар болды. Біз бұған келіспедік. Бюджет қаржысы неге жай лайкпен таңдала салуы керек? Қаласына жанашыр адам ЭЦП-мен дауыс бере алады. Бұл да жауапкершілікті сезіну.



Басы 1-бетте



**Білімнің қайнар бұлағы – мектеп. Ол адамзат баласының тұлға болып қалыптасуына темірқазықтай жол нұсқап тұрады. Егемен еліміздің болашағы жастар деп қарасақ, жастардың болашағы сапалы біліммен тығыз байланысты.**

**Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі – білім мен ғылымды, мәдениет пен әдебиетті ұштастырып, жаңа заман тынысымен қаршыты дамып келе жатқан білім ордасы. 2010 жылы «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында бой көтерген білім ұясы – бүгінге дейін талай түлектің томағасын сыпырып, тұғырынан түлеткен алтын ұя.**

# ЕСЕТОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕ

## ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ

Қай кезеңде де елдік мұраттың бірі – ұрпақ тәрбиесі. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген әл-Фараби сөзінің жаны бар. Қазіргі таңдағы білім беру саласындағы реформаның басты мақсаты да ой-өрісі биік жеке тұлға тәрбиелеу. №264 орта мектеп-лицейі заман талабына сай соңғы үлгідегі техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Алғашқы жылдары 1600 оқушы қабылданып, 187 педагог дәріс берген. Мектеп-лицей базасында оқушылардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Жаңа оқулықтар, көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген кітапхана, оқу залы, 4 технология, 3 информатика кабинеті, 2 интерактивті STEM панель оқушыларға қызмет көрсетіп келеді. Сонымен қатар балалардың шығармашылық қасиеттерін арттыру мақсатында түрлі үйірмелер мен спорттық секциялар ашылған. Оның ішінде «Домбыра», «Еркін күрес» үйірмелеріне балғындар ерекше қызығушылық танытып келеді.

## ОЗАТ ОҚУ ОРДАСЫ

Білім ордасы құрылғалы білікті басшылар Б.Дүйсенбаев, К.Ежетаева, Ұ.Маханова қажымас еңбектің өлшеусіз үлгісін таныта білді. Олар оқу мен тәрбие процесін іске асыруда алға қойған міндеттердің талабынан таныла білді. Оқу ордасын он жыл аралығында 582 түлек бітірді. Солардың ішінде 43-і «Алтын белгі», 28-і «Үздік аттестат» иегері атанды. Бұл – мектеп үшін үлкен мақтанш. Ұстаздар үшін жемісті еңбектің нәтижесі.



## МЕКТЕП – МАҚСАТТАР МҮДДЕСІ

Мектеп-лицей оқушылары білім сапасын әртүрлі олимпиадалар мен ғылыми жобаларда дәлелдеп келеді. Мектептегі білім сапасының басты көрсеткішінің бірі – ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы. Соңғы төрт жылда мектеп-лицей түлектері ҰБТ-да жоғары көрсеткішке

қол жеткізіп, мемлекеттік грант иегерлері атанып, еліміздің және алыс-жақын шетелдердің жоғары оқу орнындарында білім алуға мүмкіндік алды. Бұл – мектеп-лицей ұстаздарының еселі еңбегінің нәтижесі. Сонымен қатар мектеп оқушылары ғылыми жетістіктерімен қатар спорт саласындағы жеңістерімен де танылып келеді. Тағы бір атап өтерлігі, мектеп жанында суда жүзу, күрес, баскетбол, волейбол, шахмат, көркем гимнастика, үстел теннисі секілді көптеген спорт секциялары жұмыс істейді.

Мектепте 12 бағыт бойынша бірлестіктер бар. Атап айтар болсақ, «Жас ұлан», «Жас

**Р.С.** Қазіргі таңда мектеп-лицейде 3618 оқушы болса, 383 мұғалім қызмет атқарады. Білім ұясында 143 сынып бар. Әлемдік өркеніетке бет алған қазақ елінің болашағы білім мен тәрбие алуын жаққан мектеппен тікелей байланысты. Алдағы уақытта мектеп жанынан рухани жаңғыруға арналған арнайы бұрыш ашылмақ. Сондай-ақ арнайы биологиялық кабинет те жабдықталған. Мұның барлығы мектеп басшысы Бек Тумурзаевтің басамасымен іске асуда. Қазақстанның болашағы білімді де талантты жастардың қолында. Сондықтан да ХХІ ғасырдың жаңа буынын тәрбиелеу жолында ұстаздарға артылар сенім мол. Бұл орайда Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицей ұстаздары мен оқушылары есе жібермек емес. Біз білім ордасында осыны аңғардық.

## Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

# ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТ

Қазіргі таңда әлем жұртшылығының басты назарын аударып отырған мәселелердің бірі – инклюзивті білім беру. «Инклюзив» – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беретін балаларды жалпы білім беру үрдісіне толықтай енгізу. Оларды тәрбиелеп отырған ата-аналарын белсенділікке шақыру, дамыту шараларын ұйымдастырып, балаларға қолдау көрсету.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру үрдісіне келдіргісіз қосу үшін Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап инклюзивті кіріктірілген сыныптар ашылған.

Инклюзивті кіріктірілген сыныптардағы білім берудің мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қалыптасуына бір сыныпта білім алуын қамтамасыз ету, балаларға жағдай жасау. Балаларды арнайы түзету шараларымен қамту үшін арнайы мамандар (логопед, психолог, дефектолог т.б.) бөлінген. Мамандардың түзету шараларын талапқа сай ұйымдастыру үшін өңірлік жол картасына сәйкес мемлекет тарапынан 3 млн теңге көлемінде қаражат бөлініп, арнайы құрал-жабдықтар алынған. Дамыту шараларында балалардың танымдық қабілетін арттыру үшін түрлі дидактикалық материалдар, математикалық ұғымдарды қалыптастыруға арналған сеген тақтасы, балалардың шығармашылығын дамытуға арналған түссіз мальберт, мозайка үстелі, дыбыстық жаттығулар мен

сөздік қорларын қалыптастыруға арналған «Дэльфа -141.1» құрылғысы пайдаланылуда.

Жалпы білім беру ұйымдарына дамуында ерекшелігі бар балаларды оқыту үшін жергілікті ПМПК мекемесі мамандарының қорытындысы, ата-аналардың өтініші және арнайы мамандардан құрылған мектепшілік ППК мүшелерінің ұсынысы қажет. Мектепшілік ППК отырысында білім беру ұйымының барлық педагогтары өз зерттеулері бойынша әр балаға жеке-жеке талдау жасап, ПМПК мамандарының тұжырымдамасында ұсынылған бағдарламаларды негізге алып, жеке бағдарлама құрып, білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешіміне ұсынады.

Педагогикалық кеңестің шешімімен ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен түзету-дамытуға арнайы жеңілдетілген бағдарламалар жасалады. Бағдарламалар бойынша оқушының жас ерекшелігіне қарай денсаулығындағы кемшіліктердің орнын толтыру



қыран», «Адал ұрпақ» және басқа да бірлестіктер жұмыс жасайды. Жасөспірімдер арасында жол-көлік оқиғасының алдын алу мен жол қозғалысы ережесін насихаттау барысында өткен «Қозғалыстың жас инспекторлары» қалалық байқауында мектеп-лицейдің «Нұр ұлан» тобы жүлделі орын иеленіп, жеңімпаз атанды.

## ДИРЕКТОРДЫҢ ДЕРЕГІ

– Сынып жетекшілерінің жұмыс барысын бағдарлау мақсатында рейтингтік жүйе жүргізіледі. Әр сынып жетекшісінің жұмысы тоқсан сайын бірнеше өлшемдер арқылы бағаланады. Атап айтқанда, тәрбие жұмысын жоспарлау, сыныптың сабаққа қатысуы, салауатты өмір салты, құқық бұзушылықтың алдын алу, сынып тәртібі, сынып мүліктерінің сақталуы, сынып сағаттарының ұйымдастырылуы. Міне осындай жұмыстың нәтижесінде ұстаздардың шеберлігі шыңдалады. Мектептің материалдық-техникалық базасы жыл сайын жақсарып келеді. Заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалануға ерекше мән беріп, мұғалімдер аудио-кешенді оқу құралдарын пайдалануға қол жеткізіп отыр, – дейді мектеп директоры Бек Тумурзаев.

## ЕСЕТОВ ЕСІМІ

Бұл білім ордасы 2016 жылдан бері қоғам қайраткері Тәкей Есетовтің есімімен аталады. Мектепте ерен тұлғаның еңбегі мен өнегелі өмір жолына арналған мұражай бар. Оқушылар мұражайда тұлғаның гитратты ғұмырымен кеңінен таныса алады. Сонымен қатар мектеп жанынан оқушыларды ерте жастан еңбек пен кәсіпке баулу мақсатында шағын жылжымай іске қосылған. Біздің өңірдің ауа райына бейімделген бақша дақылдары өткен жылғы жақсы өнім берген. Бұл биыл жалғасатын табыды деп жоспарланыпты.

Бұл білім ордасы 2016 жылдан бері қоғам қайраткері Тәкей Есетовтің есімімен аталады. Мектепте ерен тұлғаның еңбегі мен өнегелі өмір жолына арналған мұражай бар. Оқушылар мұражайда тұлғаның гитратты ғұмырымен кеңінен таныса алады. Сонымен қатар мектеп жанынан оқушыларды ерте жастан еңбек пен кәсіпке баулу мақсатында шағын жылжымай іске қосылған. Біздің өңірдің ауа райына бейімделген бақша дақылдары өткен жылғы жақсы өнім берген. Бұл биыл жалғасатын табыды деп жоспарланыпты.

## Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

мақсатында жеке оқу жоспар құрылады. Қышқықтан білім беру жағдайында бала, ата-ана, мұғалім оңтайлы білім беру форматын таңдап ала алады. Білім беру форматы әрбір жеке оқушы үшін қолжетімді әрі тиімді ұйымдастырылуы тиіс. Бұл ретте педагогтардың жан-жақтылығы мен шығармашылығы аса қажет. Ерекше білім алуы қажет ететін оқушыларды келдергіз инклюзивті біліммен қамту жылдан-жылға артып келеді. Білім алатын бала санының артуына байланысты арнайы мамандарға деген қажеттіліктер мен сураныстар да артауда. Ерекше білім беруде әр маман әр баламен жеке әрі топтық сабақтар арқылы жұмыс атқарады.

Мектеп-лицейде ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының артуына байланысты арнайы мамандардың түзету сабақтарымен қатар үйірме сағаттарының мандары да тартылған. Атап айтар болсақ, «Жас биологтар», «Робототехника», «Қызылалам», «Программалау және электроника» сияқты басқа да үйірме жетекшілері балалардың жеке, топтық сабақтарын қызықты ұйымдастыруда. Бұл олардың қоршаған ортаға, заманауи техникаға деген танымдық көзқарастарын қалыптастырады.

Инклюзивті оқыту балалардың мектеп өміріне белсене қатысуына мүмкіндік береді. Ерекше балаларды ортаға қосуға әрбір педагог педагогикалық әдістемесін тиімді пайдалана білсе, жетістікке жетуге мүмкіндік бар. Әр бала – болашақта жеке тұлға. Ал тұлғаны мектеп жасынан білімді, ой-өрісі кең, жан-жақты азамат етіп тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз.

## Бек ТУМУРЗАЕВ,

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің директоры

# СЫРДЫҢ ДАРА ҚЫЗЫ

Адамзат тарихында әйелдер арасынан патшайымдар, ақын, ержүрек батырлар, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан қоғам қайраткерлері де шыққан. Аймақтың экономикасы мен рухани-мәдениетіне үлес қосып жүрген, кейінгі ұрпаққа тамаша үлгі-өнеге болған мұндай арулар Сыр өңірінде де баршылық. Сырдан шыққан қайраткерлердің бірі – Алмагүл Божанова. Ақынның 75 жасқа толу мерейтойы қарсаңында архив қорындағы жеке текстік құжатына шолу жасайық.



Алмагүл Божанова 1946 жылы 14 наурызда қазіргі Сырдария ауданына қарасты Қызылөзек елді мекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1964 жылы Шаған ауылында балабақша менгерушісінен бастап, мектепте мұғалім, директор қызметін атқарған. Ол 26 жасында Сырдария аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық партия комитетінің хатшысы, сондай-ақ, Теренөзек аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін абыройлы атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өтпелі кезеңде республика аумағында аудан басқарған бірден-бір әйел еді. Кейін «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары, «Нұр Отан» партиясы республикалық Саяси Кеңестің мүшесі, «Ігілік» корпоративтік қорының тәуелсіз директоры болды. Қазіргі уақытта «Ұрпақтан-ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

Өңіріміздің өркендеуіне елеулі үлес қосқан ардагер бүгінгі таңда да елдің бірлігі үшін тынымсыз еңбек етіп, әлеуметтік-қоғамдық мәселелердің шешілуіне ұйытқы болып келеді. Осындай қат-қабат мемлекеттік, қоғамдық жұмыстармен қоса Алмагүл Божанқызы өнер мен әдебиетті қатар алып жүрді. Аудандық, облыстық, республикалық баспасөзге үнемі мақалалары, сұхбаттары жарияланып тұрды. «Сыр елім – жерұйығым», «Сенім жүгі», «Аңыз, абыз адам», «Құдірет пен Қасиет», «Елдің бағын жандырған – Ер Балдырған», «Көпір», «Өмірімің қуаты, жастығымның шуағы», «Сырым мен шыным», «Гасыр үні», «Ел ардақтылары» атты кітаптың авторы.

Ел дамуына қосқан қажырлы еңбектері бағаланып, Қызылорда облысының «Құрметті азаматы», Сырдария ауданының «Құрметті азаматы», «Құрмет белгісі» және «Құрмет» орденімен, бірнеше медальдармен және құрмет грамоталарымен марапатталған.

Қарапайым мінез, адал қызмет, тиянақты іс бітіре білген Алмагүл Божанованың елге еткен еңбегі, жас ұрпаққа өнеге.

Гүлнар МЕНЕЕВА,  
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің  
қоғамдық-саяси тарихы бойынша  
филиалының архивісі

Кеше қалада «ASTANA PLAZA» сауда кешені ашылды. Сауда орталығының ашылуына қала әкімінің орынбасары Аскарбек Есжанов қатысты.

## «ASTANA PLAZA» АШЫЛДЫ



– Заманауи үлгідегі ғимараттар қаланың көркінін ашады. Облыс орталығы күн сайын көркейіп келе жатқаны қуантады. Жаңа үлгідегі сауда кешені ел экономикасының арта түсуіне зор мүмкіндік береді. Қала әкімінің қолдауымен жасалып жатқан жұмыстар ауқымы кең. Ел игілігі үшін іргелі істі қолға алып жатқан азаматтарға алғыс айтамын.

– Жаңа сауда орталығында 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта нысан толық іске қосылғанда қызметкерлер санын 150-ге дейін көбейту жоспарымызда бар. Заманауи үлгідегі сауда үйін салу көптен ойымызда жүрген жұмыс еді. Сапалы өнімдермен толытырылған сауда сөрелері елдің көңілінен шығады деп сенемін, – дейді кәсіпкер Бағдат Дарханұлы.

Қазіргі таңда қала бойынша 22 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысаны жұмыс жасауда. Бұл 50 мыңнан аса қалалықтардың тұрақты жұмыспен қамтылуына мүмкіндік берді.

## Т.ШАЙДУЛЛАУЛЫ

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Бекмырза Ләйлә Қарібайқызының атына Қызылорда облысының полиция департаментінен берілген КЗ №14889 қызметтік күзлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## ТӘУЕЛСІЗДІК-ТҰҒЫРЫМ!

## БӘРІНЕН ҚЫМБАТСЫҢ, БЕЙБІТШІЛІК!

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің енесі биіктей беретініне сенемін». Тәуелсіз қазақ елінің Тұңғыш президенті-Елбасы Н.Назарбаев бір сөзінде осылай деген еді.

Шындығында біз талай асулардан астық. Бағынбас биік белестерден өтіп, тағдырдың теперішіне төзе білдік. Тәуелсіздіктен тетелес өскен соң, бәлкім ел басына туған күннің тауқыметін анағұрлым сезіне алмамыз. Әйтсе де, қазақтың басындағы бейнеттің қандай болғанын тарихтан білеміз. Кешегі «Ақтабан шүбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен тарихта қалған қанды қырғынның салған ойраны ат төбелідей елдің тоз-тозын шығарғанын естіп, білдік. Қызыл империяның қарамағына өтіп, ғасырға жуық құнды уақытымызды бодандықта өткізген кезеңдер де қазаққа оңай соққы болмады. 1930 жылдың алдында «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен бастау алған лаңғын халыққа салған салмағы өз алдына. Елім деп бас



көтерген ерлердің енесі езілді, ұлттың қаймағы болған ұлыларымыз солақай саясаттың салдарынан «халық жауына» айналды. Кеңестік жүйенің сойылын соққандардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды. Қара халықтың күйі тайды. Алды аштыққа ұшырады, арты атылды. Бұл кезеңдер қазақ басына түскен нәубеттің ең сорақысы еді.

1941-1945 жылдар. Иә, осы бір жылдық көрсеткіштің астарында тұтас бір ұлттың емес, ТМД құрған одақтас елдердің ойран болған тағдыры жатыр десеңші!?

Бұл кезеңнің де жалыны қаншама қандас-тарымызды жалмады. Қаншама қара шаңырақтың бас көтерірі болған қазақ азаматтары жер құшты. Балалар жетім, әйелдер жесір қалды. Осы уақыт тарихта «Ұлы Отан соғысы» деген атпен сақталды. Қазаққа айтарлықтай ауыртпашылық салған сол кезеңдер де ұрпақ жадында сақталары даусыз.

Содан кейін де кеңестік жүйенің жолымен жүрген елге жарық күн тумады. «Түйенің жегені жантақ, арқалағаны алтын», – демекші, ашығып ас ішкен,

ентігіп демін алған қазаққа жақсы ат болмады. Дәстүрі дәріптелмеді, діні дубара болды. Осылайша, қараңғылықта күн кешкен қазақтың тағдырына сексен алтының сергелдеңге салған ызғарлы сәттерін тағы қосыңыз. Бұл кезеңде де аз қан төгілген жоқ. Алматыдағы Тәуелсіздік алаңы сол бір сорақы кезеңнің куәгері. Ашық алаңда «Елдің еркіндігі керек, әр елге өзінің басшысы керек», – деп ұрандатқан қаншама қазақ жастарын қырып салған қақтығыстың өзіндік ауыртпашылығы бар. Оны жақсы білеміз, сезінеміз.

Міне, қазақтың тарихы осылайша күрделі, бұралаң әрі азапты кезеңдерден құралған. Қайсар ұлттың ауыр жолдардан өтіп, қазіргі күнге жеткеніміз кім-кімді де тандандырмай қоймағаны даусыз.

Тәуелсіздік. Иә, осы ұғым менің санамда соншалықты сергек әрі салмақты түрде сақталғанын білсеңіз ғой. Осы бір «Тәуелсіздік» дейтін ұғымның арғы жағында арманда кеткен қаншама ата-бабамның ерен еңбегі, көзсіз батырлығы жатқандай сезіледі. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ұлы мұрат жолында төгілген қанының өтеуі. Оны қадірлеп, берік ету жас буынның алға қойған мақсаты болуы керек.

**Базаркүл АБДИКАСОВА,**  
**Е.Н.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернат тәрбиешісі**

## ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!



## МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШ

– Әжем де мені сағынған шығар...

Мұнан соң ағам кіші ұлын қосақтап, еркіме жіберді. Бұл ұлды бір көргенімде мектеп есігін жаңа ашқан балдырған еді, енді бойы сорапып, қызға қырындайтын жасқа жеткен. Сағынышым дедететіп әжеме қарай сүйреп емес, жасанды. Сондықтан да көркі аз, бетон жағалау көз тартпайды. Каналдан ары қозықш жерде үлкен жасыл қырат бар. Қыраттың төбесі мен аңғары ай көтерген күмбезге, беті шимай-шимай көктастарға, төмпешіктерге толы. Әжем де осында. Ол мен он төртке толғанда көз жұмды. Небәрі бір күннің ішінде ауылдың сыртындағы бейіттен орын тепті. Бұл тұк те емес дедім: Әйтеуір бір күні үйге қайтып келем. Оны көп күткенімнен қайта оралмады. Кейінірек ағама еріп, басына бардым. Төмпешіктің астында тыныстап жатыр екен, менің алдымнан да шықпады, тіл де қатпады. Тіпті, біз қорымнан қайтып бара жатқанда қасында қала ғой деп те айтпады. Сол сәтте оны біржола жоғалтқанымды

түсіндім. Мәңгілік сағыныш буып өмір кешерімді пайымдадым.

Зиратты қырат жап-жасыл. Ажырық басқан сүрлеумен жоғары өрледі. Қаптаған төмпешіктердегі марқұм атаулы басын көтеріп, бұл кім, кім келе жатыр деп селтіп қарап тұрғандай. Әжем тағы да үнсіз қарсы алған. Бұл қалыпты жағдай: тірі күнінде бала атаулыға суық, мейіргенені маңдайдан сипаудан ары аспайтын.

– Әже, қалың қалай? – дедім.  
– Әже, мен сені сағындым, – дедім.  
– Әже, ұайымдама, менде барлығы жақсы, – дедім.  
Арыстандының самалы есіп еді, қорым ішінде қау боп өскен қурай атаулы шуласып маған жауап қатты. Инім даусын сызылып құран оқыды. Мұнан соң бабам мен ұлы әжемнің бейітне кеп бет сипадым. Әжем осы екеуінің аяқ тұсында жайғасқан.

– Әже, мен қайттым, – дедім. Әжем қазір жұмақта жүр деп түйдім. Біз екеуіміз Әйтеуір бір күні кездесеріміз деп ойландым. Мәңгілік сағынышымды шырмалып, тірлер ауылына қарай қайта адымдадым.

Лира ҚОНЫС

## Қайта келген мүмкіндік

Тағдыр жолында жаңылыс басып, темір тордың құрсауына түскен жандар қаншама. Олар тиісті жазасын өтесе де көпке дейін еркіндікті сезіне алмай, қоршаған ортаға үрке қарайды. Қайта қатарға қосылуға күдік ұлғайып, қолдауға зәру болады. Бүгінгі таңда аталған азаматтардың өмірге деген құлшынысын оятып, қоғамға бейімдеу міндетін мемлекет өз қузырына алған. Әлем орталығындағы «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіру орталығының» міндеті де осы мақсатқа жұмылдырылған.

Аталған бағытта құқық қорғау және әлеуметтік сала қызметкерлері жүйелі жұмыс істеуде. Мәселен, жыл басынан бері қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы түзеу мекемелерінен жазасын өтеп шыққан және пробация қызметі мен жергілікті полиция қызметкерлерінің есебінде тұрған 49 азаматты тіркеуге алған.

Сала мамандары жергілікті учаскелік инспекторлармен бірлесіп, түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтардың мекен-жайында болып, туған-туыстарымен кездесу өткізіп келеді. Олардың әлеуметтік жағдайы зерделеніп, жазбаша түсініктеме алынады.

Жыл басынан бері түзеу мекемесінен босап шығатын және босатылатын 27 азаматқа хабарлама хаттар келген. Оған қоса биыл жазасын өтеп шыққан және пробация есебінде тұрған 49 азаматқа құқықтық, психологиялық көмек көрсетілсе, кәсіби оқыту, қайта даярлау, біліктілігін арттыру мақсатында 19 адам оқуға өтініш білдірген.

**Р.НҰРТАЕВА,**  
**әлеуметтік қызметкер**

## ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

## 11 ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Есірткінің заңды айналымы саласындағы қылмыстарды анықтау мақсатында «Дәрмен» іс-шарасы өтті.

Іс-шара барысында құқық бұзушылықтың 11 дерегі анықталды. Оның 3-і қылмыс және 8-і әкімшілік құқық бұзушылық. Өткізіліп жатқан жедел-профилактикалық іс-шаралар кезінде 16 дәріхана, 1 қойма, 5 мекеме тексерілді. Сонымен қатар есірткінің заңды айналымына байланысты әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау бағытында полиция қызметкерлері кешенді іс-шаралар атқарды.

## РЕЙД ЖАЛҒАСУДА

Қала көлемінде карантиндік шаралардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қала әкімінен бекітілген мониторингтік топ рейдтік тексеру жүргізді.

Рейд барысында қала орталығындағы бірнеше ойын-сауық орынында карантиндік шектеулердің сақталмағаны анықталды. Нәтижесінде кәсіпкерлік нысан иелеріне тиісті шара көру үшін үйлестіру орталығына жолданды.

Атап айтар болсақ, «Аден» түнгі клубына мониторингтік топ барған уақытта клуб менгерушісі мен күзетшілері ішінен есігін құлыптап аспаған.



Сол сәтте топ мүшелері клуб иесіне қоңырау шалуға мәжбүр болып, оқиға орнына дереу жетугін сұрады.

Қазіргі таңда клуб иесі мен менгерушісіне және күзетшісіне қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысты аламын заңды талабына бағынбағаны үшін хаттама толтырылып, айыппұл салынды.

## ҰРЫНЫ ҰСТАДЫ

23 ақпан күні қалалық полиция басқармасының кезекші бөліміне 1973 жылы туған тұрғын арызданды.

Жәбірленушінің айтуынша, 22 ақпан күні кешкі уақытта, үй иелерінің жоқтығын пайдаланып, ұры шкаф ішінен ақша және екі «Самсунг А6» маркалы ұялы телефонды ұрлаған.

Полиция басқармасының қызметкерлері жедел-іздістері шараларын жүргізіп, нәтижесінде 43 жастағы қала тұрғыны ұсталды. Жалпы жәбірленушіге келтірілген материалдық және мүлкілік шығын 2 миллионнан астам соманы құрайды.

«Ақмешіт ақпарат»

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 4847 Тапсырыс №293

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



## КЕДЕЙ ЖОҚ ЕЛ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?..

Қытайда кедей жоқ дегенге кім сенер? Кейбір аз ұлттарға жанбағудың өзі мұң болған заманда миллиардтан асып жығылатын халықты мұндай дәрежеге көтерілді деген жанақ пікірдей. Алайда ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Кедейлікпен күрес ұлттық конференциясының қортынды кешінде кедейлікті түбегейлі жеңгенін мәлімдеді. Мемлекет басшысының бұл сөзін әлемдік ақпарат агенттіктері сол сәтінде іліп әкетіп, фактчекінг әдісімен талдау жасауға кірісті. «BBC News» те көптеген бағдарлама әзірлеп, ақпараттың ақ-қарасына үйілген. Бейсенбі күні телеарна мен ресми сайтта жарияланған Джон Салворттың «Қытай кедейлікпен күресте «гажайыпқа» қол жеткізді» атты хабары осы бағыттағы маңызды дереккөздің біріне айналып үлгерді.



«Бейсенбіде Си Цзиньпин билікке келгені 100 миллионға жуық қытайлық кедейліктен құтылды деп мәлімдеді. Ол кезекті жылында мұндай «түбегейлі жеңіс тарихта қалады» деген пікір білдіріп, нәтижелі жұмыс Қытай Коммунистік партиясы мен қытай халқының арқасы деп айтып еді. Ол: «Белгіленген жеңіске сәйкес, ауылдағы 98,99 миллион тұрғынды кедейліктен шығару сәтті жүзеге асты. Нәтижесінде 832 кедей аймақ пен 128 мың елді мекен кедей аумақ тізімінен шығарылды. Кедейліктен түбегейлі арылып, тағы бір тарихи гажайыпқа қол жеткіздік. Бұл – қытай халқы мен ұлтының және Қытай Коммунистік партиясының ұлы абыройы» деді. Си мырза партия басшылығына келген 2012 жылдан бері аталған бағытта көптеген жоба бастаған еді. Өткен жылы Қытай билігі кедей аумақ тізіміндегі соңғы ауылды аяққа тұрғызғанын жариялап, 2020 жылға дейін қойған жеңіс бағындырғанын жеткізген. Бейсенбідегі конференцияда бұл бағытта еңбек сіңірген азаматтарға медаль табысталып, құрмет көрсетілді.

Хабар барысында Қытайдың экономикалық әлеуеті, тұрмыстық деңгейінің статистикамен сәйкестігі, азаматтардың төменгі күнкөріс мөлшері секілді заңды сауалға жауап ізделгені байқалады. Бір ұтымды тұсы, автор сіресең саннан бойын аулақ салып, Қытайдың шеткері өңірлерін аралап, шалағайдағы елді мекеннің шыншай ахуалын деп басқан. Хабардың өзге есебінде Эди Лаби мен Джиба Туха есімді екі қытайлық азаматтың отбасын тандап, өзгені олардың өмірі, мемлекеттік бағдарлама, табыс көзі секілді маңызды тақырыптар ұштастыра білген. Сол арқылы елдегі жалпы жағдайға баға беруге тырысады.

«Бұл екі отбасы Қытайдың шеткері аймағында қоныстанған. Олар тұрмыстық жағдайын мемлекеттік бағдарлама арқылы оңалтқан. Эди мен Джиба секілді көптеген отбасы осы мүмкіндікті пайдаланып, әлі де болса көп табыс табуға құлықты. Мамандар Қытайдың мұндай жетістікке жетуін кедей аймаққа салынған инвестиция мен кедейліктің шекті деңгейін белгілеу нәтижесіне тиеді. Оған қоса, партияның жана жұмыс орнын ашу, жәрдемақы тағайындау саясаты да жағдайға оң әсерін тигізген. Айта кетейік, елдегі төменгі жаалақы мөлшері 1,69 доллар деп нақтыланған. Бұл Бүкіләлемдік банктің бекіткен мөлшеріне (1,90 доллар) шамалас. Алайда, өңірлердегі табыс деңгейі құбылмалы келеді», – дейді авторлар.

Сонымен қатар хабарда Қытайдың бұрынғы экономикалық әлеуеті де кенінен талқыланды. Осы арада журналист әріптестері Вирджиния Харрис пен Даниэле Палумбоның өткен жылы мақаласын мысалға келтірген. Онда 1970 жылы ҚХР азаматтарының 90 процентке жуығы кедейлік шеңберінде болғаны айтылған.

Шындығында, Қытай соңғы 40 жылда сауда саласында көптеген реформа жасаған ел. Сауда жолы мен инвестиция тарту арқылы билік айтулы жетістікке жетті. Бірақ бәрі бірдей табысты болды деу орынсыз. Себебі үкімет кедейліктен халқының біршама бөлігін жоғалтып, түрлі тәжірибені сынан көрді. 1950 жылы адамзат тарихындағы ауқымды апаттың бірі де осында болды. Мао Цзэдунның шаруа кәсібин жаппай индустрияландыру бағытындағы «Үлкен секіріс» жобасы сәтсіздікке ұшырап, 1959-1961 жылы 40 миллионға жуық адам көз жұмған. Ал 2012 жылы 9,6 миллион халық кедей аумақтан көшіп, ауылдар қанырады. Бұл үлкен сабаққа айналды. Автор да кедейлік деңгейі іс жүзінде түбегейлі шешім таппағанымен, айтарлықтай төмендегенін жасырмайды. Бүгінде жағдай тұрақталып келеді. Түрлі салада даму байқалып, септігі тиоиде. Тіпті Standard Chartered корпорациясы 2030 жылға қарай Қытайдың жұмыс күшінің 27 проценті жоғары білімді болады деп болжаған еді.

Хабар соңында Джон Салворт Си Цзиньпиннің кедейлікпен күресте «Қытай моделіне» қол жеткізгені айтылған.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған  
**Ерсін ШАМШАДИН**